ХАЛЫҚ ИГІЛІГІ - ЕҢ ЖОҒАРҒЫ ЗАҢ — БЛАГО НАРОДА - ВЫСШИЙ ЗАКОН

# Bastaý

Қоғамдық-саяси апталық газет. 1999 жылғы 28 маусымынан шыға бастады
Ежедельная общественно-политическая газета. Издается с 28 июня 1999 года

№ 15 (1431) | 24 сәуір 2026 жыл | Жұма




## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ӨҢІРЛІК ЭКОЛОГИЯЛЫҚ САММИТТІҢ ПЛЕНАРЛЫҚ ОТЫРЫСЫНДА СӨЗ СӨЙЛЕДІ




Өңірлік экологиялық саммиттің пленарлық отырысының ашылуында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Түрікменстан Президенті Сердар Бердімұхамедов, Армения Президенті Ваагн Хачатурян, Моңғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсух, Грузия Президенті Михаил Кавелашвили, Әзербайжан Премьер-министрі Али Асадов, БҰҰ Бас хатшысының экономикалық және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Ли Цзюньхуа, БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, БҰҰ Қоршаған орта бағдарламасының директоры Ингер Андерсен, сондай-ақ БҰҰ Еуропалық экономикалық комиссиясының атқарушы хатшысы Татьяна Молчан баяндама жасады. Өңірлік экологиялық саммиті БҰҰ және басқа да халықаралық ұйымдармен бірге ұйымдастырылып отыр. Диалог алаңының мақсаты – экожүйелерді, су және жер ресурстарын қорғау, қалпына келтіру әрі бірлесе пайдалану бойынша кешенді саясат пен тетіктерді қалыптастыру, Орталық Азия өңірінің биоалуантүрлілігін сақтау.

**Akorda.kz.**

***Переговоры Касым-Жомарта Токаева и Ухнаагийна Хурэлсуха продолжились в расширенном составе с участием членов официальных делегаций. Стороны обратили внимание на то, что многоплановое сотрудничество двух стран развивается в духе дружбы и взаимной поддержки. Президент Казахстана поблагодарил монгольского лидера за то, что он принял приглашение посетить нашу страну с государственным визитом.***

## Переговоры в расширенном составе

Касым-Жомарт Токаев с теплотой вспомнил свой государственный визит в Монголию в октябре 2024 года. Он подчеркнул, что по его итогам был достигнут ряд важных договоренностей, а двусторонние отношения вышли на уровень стратегического партнерства.

– Наше торгово-экономическое сотрудничество заметно укрепляется. Есть ряд достижений. С каждым годом растет товарооборот. Мы планируем реализацию конкретных проектов в промышленной сфере. Сегодня в столице проходит казахско-монгольский бизнес-форум, в котором принимает участие ряд компаний из Монголии. Мы полностью поддерживаем это начинание и выражаем признательность за оказанную с Вашей стороны поддержку, – сказал Глава государства.

В прошлом году объем торговли между Казахстаном и Монголией увеличился на 7,7% и превысил 130 млн долларов. В свою очередь Ухнаагийн Хурэлсух выразил уверенность в том, что его визит будет способствовать укреплению дружественных отношений и развитию многогранного сотрудничества между двумя народами. По его словам, Казахстан является первым государством в Центральной Азии, с которым Монголия установила стратегическое партнерство. – Дальнейшее укрепление дружественных



отношений, а также эффективное расширение торгово-экономического сотрудничества входят в число приоритетов внешней политики Монголии. Хочу отметить, что за последние два года мы совместно реализуем множество важных задач в межгосударственных отношениях и сумели вывести наше взаимодействие на новый уровень. Особую роль в укреплении доверия между двумя странами играют высшие законодательные органы. Наши экономические связи имеют огромный потенциал для динамичного развития. В ходе Вашего государственного визита в Монголию в 2024 году была принята «Дорожная карта» по активизации торгово-экономического сотрудничества между Монголией и Казахстаном на 2025-2027 годы. Поставлена задача довести товарооборот до 500 млн долларов, – сказал он. Глава Монголии поздравил Касым-Жомарта Токаева с успешным проведением общенационального референдума по принятию новой Конституции.

Кроме того, в ходе встречи были обсуждены перспективы расширения взаимовыгодного сотрудничества в сферах сельского хозяйства, легкой промышленности, цифровизации, горнодобывающей промышленности, туризма, транспорта и логистики, а также укрепления межрегиональных связей. Главы государств отметили важность активизации деятельности Межправительственной комиссии, возобновления авиарейсов по маршрутам Астана – Улан-Батор и Усть-Каменогорск – Улгий, а также создания межправительственной рабочей группы с целью проработки открытия прямого автодорожного сообщения между двумя странами. Президент Казахстана выразил признательность У. Хурэлсуху за поддержку в открытии консульского учреждения Казахстана в Баян-Улгийском аймаке Монголии. Также в ходе переговоров были рассмотрены вопросы расширения взаимодействия в сферах образования, культуры и туризма. По итогам переговоров члены официальных делегаций двух стран обменялись документами.

**Akorda.kz.**

***Біздің қала***

## ӨҢІРДЕ ЖОЛ ЖӨНДЕЛІП, ОЙЫН АЛАҢДАРЫ БОЙ КӨТЕРУДЕ

***Аудан орталығында биыл жол жөндеу және абаттандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр. Бірқатар көшеде жөндеу жұмыстары басталып, кейбірінде аяқталуға жақын. Қазіргі таңда Қонаев даңғылында ескі тротуарлар алынып, олардың орнына жаңасы салынуда. Жөндеу толық аяқталғаннан кейін бұл көшеге жаңа асфальт жабындысы төселмек дейді мамандар. Ал Қаптағаев және Әуезов көшелерінде асфальт төсеу жұмыстары басталып кеткен. Сонымен қатар Б.Момышұлы мен Чкалов көшелерінде ескі асфальт қабаты алынып, жаңа жабындыға дайындық жұмыстары жүргізіліп жатыр. Тынышпаев көшесінде жол жөндеу жұмыстары толық аяқталып, асфальт төселді. Қазіргі уақытта мұнда жол белгілерін орнату, жол жиектерін ретке келтіру және жолақтарды сызу секілді соңғы жұмыстар атқарылып жатыр.***




Бұдан бөлек, Орақты батыр, Мұратбаев, Әйтеке би және Рысқұлов көшелерінде жөндеу жұмыстарын жүргізу үшін мемлекеттік сатып алу порталында конкурс жарияланып, мердігерлерден өтінімдер қабылдануда.

Аймақтағы маңызды жобалардың бірі – «Талдықорған – Үштөбе» бағытындағы автомобиль жолының орташа жөндеуден өтуі. Бұл туралы былтыр облыс әкімі аудан тұрғындарымен кездесу барысында мәлімдеген болатын. Биыл бұл бағыттағы жұмыстар қолға алынып, көлік қатынасын жақсартуға бағытталған іс басталып кетті.

Бұдан бөлек, Үштөбе қаласында да ауқымды абаттандыру жұмыстары қолға алынған. Атап айтқанда, Гагарин көшесіндегі №59, №61, №63, №65, №67 үйлердің аулаларын жаңарту жұмыстары басталды. Жобаның мердігері – «Нұр-болашақ XXI» мүгедектер қоғамдық бірлестігі. Сала мамандарының ақпараты бойынша жоба құны 82,3 миллион теңге. Қазіргі таңда аула аумағы тегістеліп, ағаш бұтақтары кесіліп, бордюрлер орнатылған. Асфальт төсеуге негіз дайындалып, құрылыс-монтаждау жұмыстары 20 сәуірге дейін аяқталады деп жоспарланып отыр. Сондай-ақ, Абылай хан даңғылы №6А, Байсейітов көшесі №2, №4, №6 және Қонаев көшесі №1, №3, №5 үйлердің аулаларын абаттандыру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Бұл жобаның құны 75,5 милион теңге. Қазіргі уақытта аумақты тазалау және тегістеу жұмыстары орындалып жатыр. Барлық жұмыс 10 мамырға дейін аяқтау көзделген.



Тағы бір жоба Үштөбе қаласындағы Әбдірахман ақын көшесі №38, Абылай хан көшесі №33, Қабылиса ақын көшесі №73 және №75 үйлердің аулаларын қамтиды. Бұл жұмыстарды «АЯКС - 78» ЖШС жүзеге асыруда.. Қазір аулада бетон құю және әткеншектер орнату жұмыстары жүріп жатыр. 15 сәуірден кейін асфальт төсеу басталып, жобаны мамыр айының басына дейін аяқтау жоспарланған.

Аудан көлемінде жүргізіліп жатқан жол жөндеу мен абаттандыру жұмыстары – тұрғындардың жайлы өмір сүруіне бағытталған маңызды бастамалар. Жаңарған көшелер мен көркейген аулалар тек бүгінгі күннің емес, келешек ұрпақтың да игілігіне қызмет етпек. Тұрғындар игілігі үшін жасалған жұмыстарды бағалап, болашағымыз – балғындардың алаңсыз ойнап, еркін өсетін ортасын сақтауға әркім жауапкершілікпен қарауы тиіс. Қоғамдық мүлікке ұқыптылық танытып, вандализмге жол бермей, ортақ дүниені көздің қарашығындай қорғау – баршамызға ортақ міндет. Сонда ғана атқарылған еңбектің нәтижесі сақталып, заң мен тәртіп салтанат құратыны сөзсіз.

***Гаунар МҰСА***

## Тарихы терең туған жер

— Уа, дариға, алтын бесік туған жер!
Қадіріңді келсем білмей, кеше көр
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,
Қасым болмай, тасың болсам мен егер,—
деп Қасым ағамыз тегін айтпаған ғой.

Әке-шешеміз өскен ауыл, араласқан ел-жұрт, олар тұрған аудан, олар еңбек сіңірген облыс, туған республика, кеп ұлтты Отаны, тыныс-тіршілігіне титімдей де болса үлес қосқан планетасы — біздің басты байлығымыз. Ол байлық шексіз, шетсіз. Және шексіз, шетсіз сүйіспеншілікпен ғана игеруге болатын байлық. Оны сүю үшін, аялай білу үшін, мүмкіндігінше жапырақтай жерін қалдырмай зерттеу керек: көне тарихын көңілге түйіп, қазіргісін көркейту үшін тер төгіп, келешегіне көз салу қажет. Жер қасиетін, ел қадірін білген соң ғана оны мақтан тұтамыз. Мақтан тұта алсақ қана оған шын пейілмен табынамыз.

Бұл кітапты жазу мақсатымыз — туған жердің тарихын, экономикасы мен мәдениетін, адамдары мен жерін жұртшылыққа жалпылай да болса таныстыру. Таныстыру арқылы жас ұрпақты туған жерді сүюге тәрбиелеу.

Әңгіме Талдықорған облысы жайында. Бұл облыс алғаш рет СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1944 жылғы 16 марттағы Указы бойынша негізінен Алматы облысының территориясынан бөлініп шығып құрылған. 1959 жылы 6 июньде Алматы облысының құрамына қайта қосылып, 1967 жылы 23 декабрьде қайтадан жеке облыс болып шаңырақ көтерді. Қазақстанның оңтүстік-шығысындағы Жетісуға жататын өлке. Шығысында Қытаймен шектеседі. Оңтүстігінде және оңтүстік-батысында Алматы, солтүстігінде Семей, солтүстік-батысында Жезқазған облыстарымен шекараласады. Жер көлемі 118,5 мың шаршы километр. 1979 жылғы санаң бойынша халқы 664 мың адам. Қазір облыста Панфилов (орталығы Панфилов қаласы), Гвардия (орталығы Қоғалы селосы), Кербұлақ (орталығы қала үлгісіндегі Сарыөзек поселкесі), Қаратал (орталығы Үштөбе қаласы), Киров (орталығы қала үлгісіндегі Киров поселкесі), Талдықорған (орталығы Қарабұлақ поселкесі), Қапал (орталығы Қапал селосы), Ақсу (орталығы қала үлгісінде Жансүгіров поселкесі), Бөрілітөбе (орталығы қала үлгісіндегі Лепсі поселкесі), Андреев (орталығы Андреевка селосы), Сарқант (орталығы Сарқант қаласы), Алакөл (орталығы Үшарал селосы) атты 12 әкімшілік аудан және жеке әкімшіліктегі Талдықорған, Текелі қалалары бар, Жалпы қалаларының саны — бесеу. «...Халық шаруашылығын өркендетудегі зор еңбегі үшін» Талдықорған облысы 1973 жылы 5 мартта Ленин орденімен наградталды.

Талдықорған облысы — Жетісудың шұрайлы бөлігі. Географиялық орналасу жағдайына байланысты ол бұрын жаугершілік пен шапқыншылықтың өтінде тұрса, қазір Қазақстанның да, социалистік Отанымыздың да күн шығысындағы көрікті өлке. «Шығысында Отанның гүлге оранған» деп бүгінгі ұрпақ Жетісуды мақтанышпен әнге қосады. «Суретін сөз баяндап жеткізе алмас» (І. Жансүгіров) көрікті жердің тауы мен суында, шөлі мен нуында талай ғажап сырлар жатыр. Ол сырларды түгел ашу тіптен мүмкін емес, әйткенмен өз көзімізбен керген, оқыған, өз құлағымызбен естіген жәйттерді жұрт та білсін деп ниет қылдық.

Қазақтың ардагер ұлдарының бірі Ілияс Омаров ауруханада жатып (1970 ж. 16 июль) соңғы ойларын қағазға түсірген екен, сол «Парыз» атаған хатында: «Келешек жастардікі ғой. Әңгіме сол жастарға бар қазынаның қадірін жеткізіп, мәңгі мұрат сусынымен қандырып өсіруде, үлкен мақсатқа, ел алдындағы борышқа баулып өсіруде. Ішкенге мәз, жегенге тоқ ұрпақ болмасын. Ұрпақ та, оның талантты өкілдері де үзілген емес. «Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды» деген дұрыс», — депті. Сол Ілияс ағамыз айтпақшы, жастарды ел алдындағы борышқа баулу үшін бұл кітап аз да болса қызмет атқарса қуанар едік. «Көргені жақсы — көш бастар» деген екен халқымыз, туған жердің бұрынғы және қазіргі тарихын оқып білу кімге де болса көргенділіктің белгісі болса керек

**Жоңғар қақпасынан Жаркент алқабына дейін**

Жоңғар Алатауы мен Барлық тауының екі аралығындағы жазық өткелді қазақтар ежелден Жоңғар қақпасы дейді. Барлық тауы — Тарбағатайдың үлкен бір сілемі. Алакөлден өткен соң-ақ екі таудың арасы бірде алыстаңқырап, бірде жақындаңқырап шекараға дейін қос қапталдап жарысады да отырады. Енінің ең тар тұсы он шақырым болады. Жалаңашкөл көлі осы Жоңғар қақпасында. Жоңғар қақпасы Алакөл көлінің шетінен басталып, Қытайдағы Ебі-Нұр көліне дейін созылады. Осы қақпа арқылы ерте замандарда-ақ Орталық Азия мен Қазақстанның көшпелі халықтары бір-бірімен қатынасып отырған. Тарихшылардың айтуына қарағанда, «Жоңғар» деген сөз тарихта XII ғасырдан мәлім көрінеді. Ертеде моңғол әскерінің сол қанатын «жоңғар» (жунгар, жиунгар, зюнгар), оң қанатын «бұраңғар» деп атаған екен. Еділ бойындағы ойраттарды «қалмақ» деп, ал шығыстағы ойраттарды «жоңғарлар» деп атау тарихи қалыптасып кеткен нәрсе. Жоңғар Алатауының аты да сол негізден шыққан дейді.

Жоңғар қақпасынан Алакөлге қарай соғатын күшті желді Ебінің желі дейді. Ол атау Ебі-Нұр көліне байланысты аталған, жел сол жақтан соғады. Ал оған қарсы соғатын желді Сайқанның желі дейді, ол атау Сайқан тауына байланысты. Ебінің желі атты кісіні де, кішігірім тастарды да ұшырып әкетеді деген әңгіме бар. Оны әншейін әсірелеп айтқан сөз дей салуға аузымыз бармайды. Өйткені оның растығын дәлелдейтіндер де,

***Әке-шешесін жақсы көрмейтін, өзін олардың алдында борыштар санамайтын саналы адам сирек шығар. Әйткенмен қазақта «Кім әке-шешесінің жанына байланып жүр» деген жалпақ сөз бар. Мағынасы әке-шешең мәңгілік емес, олардың өлуі, олардың ісін сенің жалғастыруың өмірдің өзекті заңы дегенге саяды. Ал сонда әке-шешесін сағынған ұрпақ сағынышын қалай басуы керек? Әке мен шеше, ата мен әже, бабалар мен аналар болашақ ұрпағын көзіндей көріп, өзіндей аялап жүруі үшін мәңгі мұра етіп артына не қалдыра алады? Әрине, тек туған жерін қалдырады. Туған жердің әр тасы, әрбір бұтасы, ең аяғы құбылмалы аспаны мен көшпелі бұлты да әке-шешелеріміздің бізге беріп кеткен баға жетпес аманаты. Әке-шешемізді сағынғанда, сол аманатын аялап қана асық сезімнің арынын басамыз. Топырағын сүйіп, көгіне аунап, кезімізге жас аламыз.***

# Сырашар

*(Бексұлтан Нұржеке)*

дәлелге тартатын оқиғалар да көп. Жоңғар қақпасының жері негізінен тастақ, мал жайылымынан басқаға қолайсыз. Бұл арадағы алақандай ғана көлдің Жалаңашкөл атануы да сондықтан, оның жағалауы құм, қиыршық тас. Көлдің ені бес шақырым, ұзындығы тоғыз шақырым, жай көзбенақ о шеті мен бұ шеті көрініп тұрады. Бұл көлге Құсақ, Тоқты деген кішігірім өзендер құяды. Түбінің тереңдігі бес метр, табаны тегіс, толқынсыз күндері суы мөлдір. Аздап сазан, көкбас балықтары бар.

Жоңғар қақпасы деген сөзді, жалпы, қазақ халқының тарихынан хабардар әрбір адам білуге және естуге тиіс. Өйткені жоңғар мен қазақ хандықтарының арасындағы көп соғыс негізінен осы қақпаның айналасында өтті. Екі көрші елдің күші мен мүмкіндігі көбінесе Жоңғар қақпасы қай елдің қоластында қалуымен де бағаланды. Оның ар жағында «халықтардың ұлы үркіншілігі» («великое переселение народов») де осы қақпасыз өткен жоқ. XIII ғасырдың бас кезіндегі моңғол шапқыншылығы да Жоңғар қақпасы арқылы жүзеге асты. Қазақ совет энциклопедиясы: «Жоңғар қақпасы маңында соғыс қимылдарын бастай келе моңғол әскерлері Жетісудың барлық қалаларын, Шу, Талас және Сырдария бойын қақыратып, Орта Азияның ірі саяси және мәдени орталықтарын басып алды»,— дейді (4-том, 481-бет).

Қазір Жоңғар қақпасының аузын Алакөл ауданының еңбекшілері мекендейді. Аудан көлемі 1,5 миллион гектар жерді алады. Алакөл ауданы алғаш 1928 жылы 17 январьда құрылыпты, ол кездерде ауданға 16 ауыл совет, 312 ауыл қараса керек. Қазір бұл аудан тұрғын халқының құралына қарай көп ұлтты аудан болып саналады. Бұрын құмдауыт, көкөніс өспейтін жер делініп келген Алакөл аймағында қазір қызылшасы жоғары сапада өндіріледі.

Алакөл жері әкелердің ерлік, еңбек дәстүріне аса бай. Азамат соғысының батырлары бұл жерді атаман Анненковтың баскесерлерінен ерлікпен қорғап азат етті. Совет Одағының Батырлары Г. М. Безродных, В. Н. Тощенко — осы алакөлдік ерлер.

Алакөл ауданында 12 совхоз бар. Аудан қой өсіруден, қызылша өндіруден жылдан-жылға табысқа жетіп келеді. Олар қант қызылшасын өндіру мен мемлекетке сату жөніндегі он бірінші бесжылдықтың жоспарын төрт жылда орындау жөнінде облыс бойынша бастама көтеріп отыр. Егер аудан бойынша сегізінші бесжылдықта 24. 288 тонна қызылша өндірілсе, бұл өнім оныншы бесжылдықта 554. 421-ге жетіпті. Осы қарқынмен олар он бірінші бесжылдықта да жоғары өнім алуды көздеп отыр. Алакөлдіктер балық өндіру жөнінен де көп жұмыс атқаруда.

Алакөл ауданының батыс жағын ала Андреев ауданы орналасқан. Бұл ауданда егіншілік пен мал өсіру қатар дамыған, жалпы егіс көлемі 64 мың гектардан асады.

Жоңғар қақпасынан батысқа қарай жүріп отырғанда, одан кейінгі аудан — Сарқант ауданы. Оның егісі 124,7 мың, жайылымы 589,2 мың гектар. Ауданда егіншілікпен қатар мал шаруашылығы да жақсы дамыған.

Сарқанттың батысында — Ақсу ауданы. Бұл аудан негізінен ауыл шаруашылығымен шұғылданады. Егіннің жалпы көлемі 95 мың гектардай. Егіні негізінен суармалы. Қант қызылшасын өсіреді. Малдан сиыр, қой-ешкі, жылқы, шошқа және аздаған түйе өсіреді.

Ақсудың солтүстік жағында Бөрілітөбе, оңтүстігінде Қапал аудандары бар. Бөрілітөбеде 4 совхоз, 4 колхоз бар. Негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Сиыр, қой-ешкі, жылқы өсіреді. Жері жазық, сортаң топырақты. Ауданның солтүстік-шығыс жағы Балқаш көлінің шетімен шектеседі. Жалпы ауыл шаруашылығына жарамды жері 151,3 мың гектар болса, оның 109,5 мың гектары жайылымға пайдаланылады. Қапал ауданында да 4 совхоз, 4 колхоз бар. Бұл ауданның орналасқан жері таулы өңір болып келеді. Ауданда шағын өзендер өте көп. Ауыл шаруашылығына жарамды жері 650,7 мың гектар, оның 536, 6 мың гектары жайылымға пайдаланылады, егіс көлемі 63,2 мың гектар. Негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Бүкілодақтық категориядағы «Қапал-Арасан» санаторияі бар. Одан бері батысқа қарай Талдықорған ауданының территориясы басталады. Мұнда 9 колхоз, 3 совхоз бар. Бидай, қант, қызылша, жүгері егеді. Мал шаруашылығымен айналысады. Текелі қорғасынмырыш комбинаты, Көксу мәрмәр карьері, Қарабұлақ қант заводынан, құрама жем, май заводтары бар.

Талдықорғанның батыс жағын ала Киров ауданы орналасқан, онда 5 колхоз, 9 совхоз бар. Жерінің біразы қара, қызыл қоңыр және сұр топырақты, батыс жағы құмды келеді. Қант қызылшасын егеді, мал шаруашылығымен айналысады.

Одан солтүстік батысқа қарай Қаратал ауданы орналасқан, он да 10 совхоз бар. Негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Егістік жері 46,9 мың гектар, мұнда күріш және тағы басқа дақылдар егіледі. Жайылымдық жері 1,641,3 мың гектар. Ауданда Үштөбе киіз үй жасау комбинаты бар.

Жоңғар тауының екі сілемі арасындағы жазыққа, облыстың оңтүстік батыс бөлегіне Кербұлақ ауданы орналасқан, бұл аудан 1973 жылы ұйымдастырылды, 2 колхоз, 5 совхоз бар. Егіншілікпен және мал шаруашылығымен айналысады. Талдықорған облысының ендігі аудандары Жоңғар тауының оңтүстік жақ бөктеріне орналасқан, ал қалғандарының бәрі таудың солтүстік жақ бетінде.

Кербұлақ ауданының солтүстік шығыс жағында — Гвардия ауданы. Онда 12 совхоз, 2 колхоз бар. Жерінің біразы таулы, біразы жазық болып келеді. Негізінен мал шаруашылығымен айналысады. Бұл ауданда ежелден картоптан жақсы өнім алынады.

Гвардия мен Кербұлақтың шығыс жағы — Жаркент алқабы, онда Панфилов ауданы орналасқан, 6 колхоз, 5 совхоз бар. Жері жартылай таулы, жартылай жазық. Топырағы негізінен құмды. Егіншілікпен, мал шаруашылығымен айналысады. Мал шаруашылығының басты саласы — қой өсіру болса, егіншілігінің басты саласы — жүгері егу. Мұнда жоғары сортты тұқымдық жүгері өсіріледі. Панфиловта және Көкталда жүгері сұрыптау заводтары жұмыс істейді. Ауданда «Жаркент-Арасан», «Көктал-Арасан» санаторийлері бар.

Жоңғар қақпасынан басталып, Жоңғар тауының теріскейін батысқа қарай бөктерлей келіп Балқаш көліне тірелер тұстан айналып өтіп, содан Жоңғар тауының күнгей жағын шығысқа қарай жүлгелей созылған Талдықорған облысы малға да, егінге де, жер мен суға да бай. Мал баққан, егін еккен, жер күтіп, су суарған еңбекшіл адамдарға да бай. Халықтың жан азығы болып табылатын өнерге де өзгеше бай. Бұл өлке — ежелден жақсы адамдарымен аты шыққан өлке. Колхоз шаруашылығының ірі білгірі болған екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Нұрмолда Алдабергеновтың атын республика тұрмақ Одақ көлемінде көпшілік біледі. Сондай-ақ Еңбек Қызыл Ту орденді «Октябрьдің 40 жылдығы» атындағы колхоздың председателі Н. Н. Головацкийдің есімін де бүгінгі таңда республика жұртшылығы жақсы біледі. Бір кезде өзінің жаңашыл еңбегімен ел құлағын елең еткізген Матай темір жол станциясының машинисі СССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Мұқтар Қаптағаев та ұзақ жылдар осы облыста қызмет жасады.

Еңбек жаңашылдары жыл сайын әр ауылдан, әр ауданнан шығып жатады. Кейбір звено мүшелері, бригада құрамы шетінен еңбек озаттары болып келетін коллективтер де қаншама! Жетпісінші жылдары Талдықорған облысының комсомол жастары қой бордақылау комплекстерін ұйымдастыруды қауырт қолға алды. Шұбартаулық әріптестерінің бастамасын қолдай отырып, олар жергілікті жердік ерекшеліктеріне орай басқаша түрдегі комсомол-жастар бригадаларын ұйымдастырды. Міне, осындай негізде Панфилов ауданында «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозында «Армандастар», Киров атындағы колхозда «Ұшқын», «Көктал» совхозында «Достық», Калинин атындағы колхозда «Еңбек», ал Кербұлақ ауданынының «Жоламан» совхозында «Қарлығаштар», Ақсу ауданының «Қызыл ту» совхозында «Жалын», Қаратал ауданының «Новый мир» совхозында «Қызғалдақ» атты қой өсіретін комсомол-жастар бригадалары құрылды. Ол бригадалардың бәрінде де тәлімгер ретінде тәжірибелі мамандар жұмыс істеді.

Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, жүгері өсірудің шебері Әлімжан Бақтаев; Социалистік Еңбек Ері, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, «Қаратал» совхозының аға шопаны Төлеген Құлахметов; Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, қорғасынды аккумулятор заводының жұмысшысы Құдайберген Керн; Калинин атындағы совхоздың звено жетекшісі Ленин орденді Алексей Иванович Бондарцев; Қазақ ССР еңбек сіңірген құрылысшысы, Сарқант колхозаралық құрылыс ұйымы комплексі бригадасының бригадирі Шәкіржан Сәдуақасовтар өз жұмысында мақтаулы еңбек үлгісін көрсете жүріп, жастарға үнемі тәлімгерлік жасап келеді. Олардың әрқайсысының еңбек тәжірибесі жеке-жеке жыр қып жазуды қажет етеді.

Азық-түлік программасын орындау жолында қызу еңбек етіп жатқан Талдықорған еңбеккерлері КПСС Орталық Комитетінің 1983 жылғы июнь Пленумының шешімдерін тұрақты басшылыққа ала отырып, идеологиялық жұмысты экономикалық мәселелермен тығыз байланыстыра шешуде. КПСС Орталық Комитетінің 1984 жылғы февраль, апрель Пленумдарының шешімін жүзеге асыру жолында КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары, СССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. У. Черненко жолдастың 1984 жылы 2 март күні Москва қаласындағы Куйбышев сайлау округы сайлаушыларымен кездесуде сөйлеген сөзін, сонда айтылған ақыл-кеңестерін тікелей басшылыққа алып, күн сайын жаңа еңбек табыстарына жетуде. Он бірінші бесжылдықтың жоспарларын табыспен орындау мақсатында облыс еңбекшілері қызу еңбек үстінде.

Бұл кітапты қолына алған оқырман Талдықорған облысының жер-су ерекшелігінен, өткені мен бүгінгі тарихынан, оның еңбеккер және өнерлі ұл-қыздары жайында азды-көпті мәлімет ала алса; сол арқылы Жетісудың осы бір шұрайлы өлкесін сырттай да болса ұнатса, онда бұл кітаптың міндеті орындалды деп ойлаймыз.

***Әзірлеген Ж. АҚЫЛБЕКҰЛЫ***

## 27 сәуір
## ДҮЙСЕНБІ/ПОНЕДЕЛЬНИК

### ҚАЗАҚСТАН
**Телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, «Бастау» редакция-сының қатысынан емес.**

### ХАБАР
05.00, 01.00 «Фатмагүл» 07.00, 09.00 Әлеумет 09.30 «Көзқарас» 0.00, 23.00 «Әшрефтің Арманы» 12.00 Cover show 14.00 «Барбоскины» 15.00 «Ну что, приехали?» 17.00 «Мечта Эшрефа» 19.00 Новости 19.30 «Нам всем конец» 21.00 «Cover show» 21.30 Жаңалықтар 22.00 «КешREC

### АСТАНА
**Телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, «Бастау» редакциясы-ның қатысынан емес.**

### ЕВРАЗИЯ
06.00 «Раутина» 07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!» 08.30 «Доброе утро, Казахстан!» 10.00 «жить здорово!» 10.50 «модный приговор» 11.45 «пусть говорят» 13.20 «Аналитика» 14.10 «Жаңалықтар» 14.20 «Новости» 18.30 «Басты жаңалықтар» 19.00 Koremiz-шоу» 14.30 «Qoslike 20.00 «Главные новости» 20.30 «Ментовские войны-11» 00.40 «Главные новости» 01.05 «Охота на изюбря» 02.10 «Басты жаңалықтар» 02.40 Көреміз 03.25 «Раутина»

### КТК
07.05 «Әнім сен едің» 08.10 «Джелаладдин» 09.20 «Реальная мистика» 13.00 «Кольцо с рубином» 16.40, 01.40 «Дворняжка Ляля» 18.30 «Однажды в Чукурова» 20.35 Кешкі жаңалықтар 21.00 Вечерние новости 21.40 «Клан ювелиров» 23.40 «Тверская. любой ценой» 03.10 «Джелаладдин» 04.10 Кешкі Жаңалықтар 04.30 «Ктк Қоржыны» 05.30 Әнім Сен Едің»

### ЖЕТІСУ
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/ 09.05 «Ұлт ұяты» 10.00 «Үгәгәй melody» 11.00 «Бір шәугім шай» 11.35 Д/ф «Чудо великое – Дети» 13.05 «Единый народ» 14.00 «Өзекжарды» 14.30 «Арнайы репортаж» 15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир 15.20 «Шашу» 16.00 Новости/прямой эфир 16.20 «DARA LINE» 17.00 «Жетісу жақұты» 18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир 18.40 «Әсем әуен» 19.30 «Ғибрат» 20.10 Д/ф «Бала – өмірдің қызығы» 20.30 Қорытынды жаңалықтар 21.00 Д/ф «Начать сначала...» 21.30 Итоговые новости 22.00 К/ф «Аналар күні»

### 31 канал
06.00, 04.00 «Әзіл студио» 06.30 «Ризамын» 07.00 «Kynin All» 07.30 «Тәтті шоу» 08.00, 00.40 «31 әзіл» 09.00 «Аватар: Легенда об Аанге» 09.30 «Губка Боб» 10.30 «Пингвины Мадагаскара» 11.20 «Кунг-фу Панда» 12.10 «Брат или брак-3» 14.10 «Лысый нянька: спецзадание» 16.00 «Призрачный гонщик» 18.10 «Кровавый спорт» 20.00 Информбюро (рус. каз.) 21.00 «Самаритянин» 23.00 «Клинок дракона» 02.40 «Time Vine» 03.00 Tik Tok show» 03.20, 05.00 «What's up?» 04.20 «1001 Әзіл» 04.30 Телевикторина 05.20 «Ризамын»

### 7 канал
06.02 «Тойхана» 07.00, 22.00 «Үзілген жапырақтар» 09.00 «Алдараспан». Әзіл-сықақ бағдарлама 11.00, 17.00, 18.30, 01.50 Телесериал 13.00 «Рэкетир. Новые времена» 15.20 «Самая обаятельная и привлекательная» 18.00 Жаңалықтар 19.30 Новости 20.00 «Ветреный» 21.00 «Далекий город» 23.40 «Әзілің жарасса» 01.00, 04.20 Жаңалықтар 01.20, 04.40 Новости 04.00 Гүл-гүл шоу 05.05 «Өсекшілер»

## 28 сәуір
## СЕЙСЕНБІ/ВТОРНИК

### ҚАЗАҚСТАН
**Телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, «Бастау» редакциясының қатысынан емес.**

### ХАБАР
05.00, 01.00 «Фатмагүл» 07.00 Оян 09.00 «Народный контроль» 09.30 Мировые новости 09.45 Әлем жаңалықтары 10.00, 23.00 «Келінжан» 12.00 «Әшрефтің арманы» 13.00 «Ойна 14.00 «Барбоскины 15.00 «Нам всем конец» 16.30. 21.10 «Cover show» 17.00 «Мечта Эшрефа» 19.00 Новости 19.30 «Управле ние гневом» 21.30 Жаңалықтар 22.00 КешREC

### АСТАНА
**Телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, «Бастау» редакциясының қатысынан емес.**

### ЕВРАЗИЯ
06.00 «Раутина» 07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан! 08.30 Доброе утро, Казахстан! 10.00 «Жить здорово!» 10.50 «Модный приговор» 11.50 «Давай поженимся!» 12.50 Сериал «Забудь и Вспомни» 14.00 «Жаңалықтар» 14.15 «Новости» 14.30 Qoslike 18.30 «Басты жаңалықтар» 19.00 Koremis-шоу» 20.00 «Главные новости» 20.30 Сериал «Ментовские войны-11» 00.40 «Главные новости» 01.05 Сериал «Охота на изюбря» 02.10 «Басты жаңалықтар» 02.40 «Koremiж-шоу» 03.25 «Раутина»

### КТК
07.05.04.00 Кешкі жаңалық тар 07.25 «Әнім сен едің», ойын-сауым 08.10 «Джелаладдин» 09.30. 21.00 Вечерние 10.10, 23.40 сериал «Тверская. любой ценой» 12.10, 21.40 сериал «Клан ювелиров 14.10 сериал «Кольцо с рубином» 16.40, 01.30 сериал «Дворняжка ляля» 18.30 сериал «Однажды в чукурова» 20.35 Кешкі жаңалықтар 03.00 «Джелаладдин» 04.20 «Ктк қоржыны» 05.20 Әнм сен едің»

### ЖЕТІСУ
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/ 09.00 Жаңалықтар 09.30 Новости 10.15 К/ф «ЧИП» 11.35 Д/ф «Тазы. Сокровище нации» 12.00 «Аман болайық» /тікелей эфир/ 13.05 «19 аймақ» 14.30 «Ғибрат» 15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир 15.20 «Әсем әуен» 16.00 Новости/прямой эфир 16.20 К/ф «Аналар күні» 17.00 «Дала сыры» 18.00 «19 регион» /тікелей эфир 19.30 «Ауылдан адам көшкенмен...» 20.05 Д/ф «Тазы. Қазақтың қазынасы» 20.30 Қорытынды жаңалықтар 21.00 Д/ф «Астана-Амман: жаңа мақсаттар» 21.30 Итоговые новости 22.00 К/ф «Мектеп президенті» 23.15 «Әу» де»

### 31 канал
06.00. 04.00 «Әзіл студио» 06.30 «Ризамын» 07.00, 20.00 Информбюро (рус., каз.) 08.00, 01.10 «31 әзіл» 09.00 «Аватар Легенда об Аанге» 09.30 «Губка Боб» 10.00 «Пингвины Мадагаскара» 10.50 «Кунг-фу Панда» 11.40 «Клинок дракона» 13.20 «12 лет рабства» 16.00 «Кровавый спорт» 17.50 «Двойной удар» 21.00 «Добро пожаловать в рай!» 23.10 «Робокоп» 02.40 «Time Vine» 03.00 Tik Tok show» 03.20, 05.00 «What's up?» 05.20 «Ризамын» 04.20 «1001 Әзіл» 04.30 Телевикторина

### 7 канал
06.02 «Тойхана» 07.00, 22.00 «Үзілген жапырақ» 09.00 «Үздік әзілдер» Әзіл-сықақ бағдарламасы 10.00 «Ну, погоди!» 11.00, 21.00 «Далекий город» 12.00, 17.00, 01.50 Телесериал 13.00, 18.00 Жаңалықтар 13.15. 19.30 Новости 13.30 «Әмірші әйел» 14.50 «Сердечных дел мастера» 18.30 «Алыс шаһар» 20.00 Сериал «Ветреный» 23.40 «Әзілің жарасса» 01.00.04.20 Жаңалықтар 01.20, 04.40 Новости 04.00 Гүл-гүл шоу 05.05 Телехикая «Өсекшілер»

## 29 сәуір
## СӘРСЕНБІ/СРЕДА

### ҚАЗАҚСТАН
**Телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, Бастау редакциясының қатысынан емес.**

### ХАБАР
05.00, 01.00 «Фатмагүл» 07.00 «Оян» 09.00 «Біздің назарда» 09.45 Әлем жаңалықтары 10.00, 23.00 «Әшрефтің Арманы» 09.30 Мировые новости 12.00 «КЕЛІНЖАН» 13.00 «Ойна» 14.00 «Барбоскины» 15.00 «Управле ние гневом» 16.40 «Cover show» 17.00 «Мечта Эшрефа» 19.00 Новости 19.30 «В погоне за счастьем» 21.30 Жаңалықтар 22.00 «КешREC»

### АСТАНА
**Телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, Бастау редакциясының қатысынан емес**

### ЕВРАЗИЯ
06.00 «Раутина» 07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан» 08.30 «Доброе утро, Казахстан» 10.00 «Жить здорово!» 10.50 «Модный приговор» 11.50 «Давай поженимся!» 12.50 «Забудь и вспомни» 14.00 «Жаңалықтар» 14.15 «Новости» 18.30 «Басты жаңалықтар» 14.30 «Qoslike» 19.00 Koremiz-Joy» 20.00 «главные новости» 20.30 «ментовские войны-11» 00.40 «главные новости» 01.05 «охота на изюбря» 02.10 «басты жаңалықтар» 02.40 «koremik-шоу» 03.25 «Паутина»

### КТК
07.05.04.00 кешкі жаңалық тар 07.25 «өнім сен едің» 08.10 «Джелаладдин» 09.30 21.00 Вечерние новости 10.10, 23.40 «Тверская. любой ценой» 12.10, 21.40 «Клан ювелиров» 14.10 «Кольцо с рубином» 16.40, 01.30 «Дворняжка Ляля» 18.30 «Однажды в Чукурова» 20.35 кешкі жаңалықтар 03.00 «джелаладдин» 04.20 «КТК қоржыны» 05.20 «әнім сен едің» ойын сауық (қайталау)

### ЖЕТІСУ
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/ 09.00 Жаңалықтар 09.30 Новости 10.15 К/ф «Алыстағы жақыным» 11.30 Д/ф «Шыңырау» 12.05 «Біздің толқын» /тікелей эфир/ 13.05 «19 регион» 14.25 «Ауылдан адам көшкенмен...» 15.00 Жаңалықтар / тікелей эфир 15.20 «Әсем әуен» 16.00 Новости/прямой эфир 16.20 К/ф «Мектеп президенті» 17.00 «Үгәгәй melody» 18.00 «19 аймақ» /тікелей эфир 19.30 «Агро аймақ» 20.00 «Упавшие в пропасть» 20.30 Қорытынды жаңалықтар 21.00 Д/ф «Ұлттық құрылтай: ел мүддесі» 21.30 Итоговые новости 22.00 К/ф «Қожайынның балалары» 23.20 «Аман болайық»

### 31 канал
06.00.04.00 «әзіл студио» 06.30 «Ризамын» 07.00. 20.00 информбюро (рус. каз.) 08.00 «31 әзіл» 09.00 «Аватар легенда об Аанге» 09.30 «Губка Боб» 10.00 «Пингвины Мадагаскара» 10.50 «Кунг-фу панда» 11.40 «Добро пожаловать в рай!» 13.40 «Самаритянин» 15.40 «Двойной удар» 17.50 «Ип Ман» 21.00 «Быстрее пули» 23.00 «Робокоп-2» 01.10 «time vine» 03.00 tiktok show» 03.20 05.00 «what's up?» 04.20 1001 әзіл» 05.20 «ризамын» 04.30 телевикторина

### 7 канал
06.02 «Тағдырлас тамырлар» 07.00, 22.00 Телехикая «үзілген жапырақтар» 09.00 «Үздік әзілдер» Әзіл-сықақ бағдарлама 10.00 «Ну, погоди!» 11.00, 21.00 «Далекий город» 12.00, 17.00, 01.50 Телесериал 13.00 Жаңалықтар 13.15 Новости 13.30 «Әмірші әйел» 14.50 «Зумрад и Киммат» 18.00 Жаңалықтар 18.30 «Алыс шаһар» 19.30 Новости 20.00 «Ветреный» 23.40 «Әзілің жарасса». 01.00, 04.20 Жаңалықтар 01.20, 04.40 Новости 04.00 Гүл-гүл шоу 05.05 «Өсекшілер»

## 30 сәуір
## БЕЙСЕНБІ/ЧЕТВЕРГ

### ҚАЗАҚСТАН
**Телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, «Бастау» редакциясының қатысынан емес.**

### ХАБАР
05.00, 01.00 «Фатмагүл» 07.00 «Оян!» 09.00 «Пеосеть» 09.30 Мировые новости 09.45 Әлем жаңалықтары 10.00, 23.00 «Әшрефтің бсмбны» 12.00 «Келінжан» 13.00 «Ойна» 14.00 «Барбоскины» 15.00 «В погоне за счастьем» 17.00 «Мечта Эшрефа» 19.00 Новости 19.30 «Твои, мои и наши» 21.10 «Cover show» 21.30 Жаңалықтар 22.00 «КешREC»

### АСТАНА
**Телеарнасы бағдарламасының жоқтығы, «Бастау» редакциясының қатысынан емес.**

### ЕВРАЗИЯ
06.00 «Раутина» 07.00 «Қайырлы таң, Қазақстан!» 08.30 «Доброе утро, Казахстан!» 10.00 «Жить Здорово!» 10.50 «Модный Приговор» 11.50 «Давай, поженимся!» 12.50 Сериал «Забудь и Вспомни» 14.00 «Жаңалықтар» 14.15 «Новости» 18.30 «Басты жаңалықтар» 14.30 «Qoslike 19.00 Koremiz-loy» 20.00 «Главные новости» 20.30 «Ментовские войны-11» 00.40 «Главные Новости» 01.05 «Охота на изюбря» 02.40 «Koremiz-шоу» 02.10 «Басты жаңалықтар» 03.25 «Раутина»

### КТК
07.05.04. 10 Кешкі жаңалықтар 07.25 «Әнім сен едің» 08.10 «Джелаладдин» 09.30. 21.00 Вечерние новости 10.10, 23.40 «Тверская, любой ценой» 12.10, 21.40 «Клан ювелиров» 14.10 «Кольцо с рубином 16.40, 01.40 «Дворняжка Ляля» 18.30 «Однажды в Чукурова» 20.35 Кешкі жаңалықтар 03.10 «Джелаладдин» 04.30 «Ктк қоржыны» 05.30 «Әнім сен едің»

### ЖЕТІСУ
07.30 «Таңжарық» /тікелей эфир/ 09.00 Жаңалықтар 09.30 Новости 10.15 К/ф «Тентек тілшілер» 11.40, 20.10 Д/ф «Агронаука ресурс или обуза?» 12.00 «Келін BATTLE» /тікелей эфир/ 14.20 «19 аймақ» 15.00 Жаңалықтар /тікелей эфир 15.20 «Агро аймақ» 16.00 Новости/прямой эфир 16.20 К/ф «Қожайынның балалары» 17.00 «Әу» де» /тікелей эфир 18.00 «19 регион» /тікелей эфир 19.30 «Барынды бағала» 20.30 Қорытынды жаңалықтар 21.00 Д/ф «Сенім саммиті» 21.30 Итоговые новости 22.00 К/ф «Туған күніңізбен, Анашым» 23.10 «Біздің толқын»

### 31 канал
06.00.04.00 «Әзіл студио» 06.30 «Ризамын» 07.00, 20.00 Информбюро (рус, каз.) 08.00, 01.00 «31 езіл» 09.00 «Аватар: Легенда об Аанге» 09.30 «Губка Боб» 10.00 «Пингвины Мадагаскара» 10.40 «Кунг-фу Панда» 11.30 «РобоКоп-3» 13.30 «Быстрее пули» 15.30 «Ип Ман» 17.40 «Ип Ман-2» 21.00 «Жажда Смерти» 23.00 «Уловки Норбита» 02.40 «Time Vine» 03.00 «Tik Tok show» 03.20, 05.00 «What's up?» 04.20 1001 Әзіл» ойын-сауық 04.30 Телевикторина 05.20 «Ризамын»

### 7 канал
06.02 «Тағдырлас тамырлар» 07.00, 22.00 «Үзілген жапырақтар» 09.00 «Үздік Әзілдер» 10.00 «Ну, погоди!» 11.00, 21.00 «Далекий город» 12.00, 17.00, 01.50 Телесериал 13.00 Жаңалықтар 13.15 Новости 13.30 «Әмірші Әйел» 14.50 «Все решают небеса» 18.00 Жаңалықтар 18.30 «Алыс Шаһар» 19.30 Новости 20.00 «Ветреный» 23.40 «Әзілің Жарасса» 01.00, 04.20 Жаңалықтар 01.20, 04.40 Новости 04.00 Гүл-Гүл Шоу 05.05 «Өсекшілер»

## Призер Сурдлимпийских игр получил в подарок квартиру

***Аким области Жетісу Бейбит Исабаев принял бронзового призера XXV летних Сурдлимпийских игр и чемпиона Казахстана по греко-римской борьбе этого года Рамазана Абдрасила и его тренера Базарбека Алимжана, - сообщает пресс-служба акима области.***



Глава региона поздравил спортсмена с высоким достижением, отметив, что его победа в Сурдлимпийских играх, прошедших в Токио, стала значимым событием не только для Жетісу, но и для всей страны, укрепив международный авторитет Казахстана.

- Рамазан Абдрасил является и чемпионом Кубка Республики Казахстан по сурдо греко-римской борьбе, прошедшего недавно в городе Шымкенте. Высокие достижения Рамазана — это результат многолетнего упорного труда, а также профессионализма и неустанной работы его тренера. В этой связи выражаю искреннюю благодарность и тренеру Базарбеку Алимжану за подготовку такого талантливого спортсмена и истинного патриота страны, а также за вклад в развитие отечественного спорта, - сказал Б. Исабаев, вручив чемпиону ключи от однокомнатной квартиры в новом жилом доме города Талдыкоргана, а тренеру - денежный сертификат.

В ходе встречи аким области уделил внимание и вопросу развития спортивной инфраструктуры. Он подчеркнул, что по поручению Главы государства Касым-Жомарта Токаева о создании инклюзивных спортивных объектов в городе Талдыкоргане при поддержке фонда «Қазақстан халқына» начинается строительство инклюзивного спорт-центра. В ходе встречи спортсмен и его тренер выразили благодарность руководству области за создаваемые условия для развития спорта в регионе.

— Искренне благодарю за всестороннюю поддержку. Уверен, что через четыре года смогу одержать победу на Сурлимпийских играх. Приложу к этому все свои усилия, — сказал Рамазан Абдрасил.

В завершение встречи глава региона выразил уверенность, что молодой спортсмен достойно выступит на предстоящих Азиатско-Тихоокеанских играх и прославит страну на мировой арене. Стоит отметить, что А. Рамазан стал бронзовым призером XXV летних Сурдлимпийских игр, прошедших в ноябре 2025 года в Токио. А в этом году завоевав золото на Кубке страны, состоявшихся 14-16 апреля в городе Шымкенте, получил путевку на Азиатско-Тихоокеанские игры.

К слову, в области Жетісу в коммунальном государственном учреждении «Центр спортивной подготовки для лиц с ограниченными возможностями» греко-римской борьбой занимается 21 спортсмен с нарушением слуха (сурдо). В центре работают 3 тренера. С начала 2025 года по сурдо греко-римской борьбе подготовлены: 1 мастер спорта международного класса, 2 мастера спорта РК и 11 кандидатов в мастера спорта.

***За последние годы в Международном центре приграничного сотрудничества «Хоргос» реализуется комплекс мероприятий по цифровизации, автоматизации и модернизации инфраструктуры. В результате центр «Хоргос» превратился в эффективную площадку с современной инфраструктурой, ориентированной на развитие туризма, торговли и инвестиций, - сообщает пресс-служба акима области Жетісу.***

## «ХОРГОС» РАЗВИВАЕТСЯ БЫСТРЫМИ ТЕМПАМИ

По словам заместителя председателя управления МЦПС «Хоргос» Сейлбека Садырбека, здесь все процессы управления и пропуска полностью цифровизированы, внедрена система Face ID.

— В главном здании МЦПС «Хоргос» проведен капитальный ремонт, все процессы — от входа до выдачи товара — полностью переведены в цифровой формат. Создана возможность покупки онлайн-билетов по QR-коду. В результате пропускная способность центра значительно увеличилась. К примеру, по сравнению с 2024 годом в прошлом году число посетителей выросло на 16%. Если раньше мы принимали 4–5 тысяч человек, то сейчас можем обслуживать до 9 тысяч человек. В этом году ожидается еще больше туристов, - отметил он.

Кроме того, запущены второй багажный терминал и сервис грузоперевозок компании АО «Казпочта». Благодаря этому перевозка товаров значительно упростилась: если ранее она занимала 4–5 часов, то после цифровизации сократилась до 1–1,5 часов.



Жители также отмечают улучшения. По их словам, очереди уменьшились, а работа пункта стала значительно удобнее.

— По работе я ежедневно прохожу через этот пункт. С каждым разом замечаю положительные изменения. Раньше длинные очереди тянулись далеко за пределы пункта. Сейчас все иначе: помещение расширено, обновлено, а благодаря цифровизации упорядочена очередь, - в частности говорит жительница города Жаркента Лилия Жумаханова.

Другой житель города, Мадияр Курманбаев, отмечает:

- Мы покупаем здесь необходимые для дома бытовые товары и автозапчасти. Раньше билеты можно было получить только в порядке очереди, что доставляло жителям неудобства. Сейчас благодаря цифровизации мы можем приобретать билеты онлайн через различные банковские сервисы и легко проходить через пункт.

В целом в результате принятых мер число посетителей МЦПС «Хоргос» увеличилось с 966,9 тыс. в 2023 году до 1,8 млн. в 2025 году.

Таким образом, деятельность МЦПС «Хоргос» способствует развитию инфраструктуры и цифровых сервисов, туризма и трансграничной коммерции.

## Грантқа өтінім қабылдау басталды

***2021 жылдан бері Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен шығармашыл жастарды қолдау мақсатында жыл сайын «Тәуелсіздік ұрпақтары» гранты бөлініп келеді. 2026 жылы республикалық деңгейде әрқайсысы 3 млн теңгеден 30 грант беріледі. Грантқа Қазақстан Республикасының 14 пен 35 жас аралығындағы (34 жасты қоса алғанда) азаматтары үміткер бола алады. Грант конкурстық негізде келесі 6 бағыт бойынша жобаларды іске асыру үшін беріледі:***

«Ғылым» – жаңа ғылыми жобаларды және зерттеулерді іске асыруға арналған; «Мәдениет» – Қазақстанның мәдени мұрасын насихаттауға, ұлттық дәстүр мен өнерді ілгерілетуге бағытталған жобаларды іске асыруға арналған; «Ақпараттық технологиялар» – жаңа IT шешімдер мен жобаларды, оның ішінде жаңадан басталған стартап жобаларды іске асыруға және әзірлеуге арналған; «Бизнес» – жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған; «Медиа» – жаңа медиа жобаларды, оның ішінде жастар үшін танымдық, пайдалы, қызықты контент құру жөніндегі жобаларды іске асыруға арналған; «Волонтерлік» – өзекті, әлеуметтік проблемаларды шешуге бағытталған волонтерлік жобаларды (бастамаларды) іске асыруға арналған. Үміткерлердің конкурстық өтінімдері 2026 жылғы 21 сәуірден 21 маусым аралығында (21 маусым күні сағат 24:00-ге дейін) қабылданады.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізімі (мемлекеттік және (немесе) орыс тілдерінде): 1. Конкурстық өтінім: https://forms.gle/8Edm9PwoqQZQyw287. 2. - қосымша сәйкес нысан бойынша жобаның сипаттамасы (PDF форматы); 3. Жоба бойынша (60 секундтан аспайтын) бейнематериал немесе (10 слайдтан аспайтын) презентация; 4. 3-қосымша сәйкес нысан бойынша шығындар сметасының жобасы (PDF форматы); 5. Зияткерлік меншік туралы мәлімет (бар болса, PDF форматы); 6. Жеке куәлік немесе туу туралы куәліктің көшірмесі (PDF форматы). Анықтама үшін байланыс телефондары: 8 (7172) 74-12-78, 8 777-114-66-82 E-mail: t.urpaqtary2026@gmail.com (жұмыс күндері сағат 9:00-ден 18:30-ға дейін).

***Дереккөз: ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің ресми интернет ресурсы***

## Стартовал прием заявок на конкурс грантов

***Грант «Тәуелсіздік ұрпақтары» присуждается с 2021 года по инициативе Президента Касым-Жомарта Токаева в целях государственной поддержки талантливой молодежи. В 2026 году на республиканском уровне будет присуждено 30 грантов по 3 млн тенге. На грант может претендовать гражданин Республики Казахстан в возрасте от 14 до 35 лет (34 года включительно). Грант присуждается на конкурсной основе для реализации проектов по 6-ти направлениям:***

«Наука»– для реализации новых научных проектов и исследований; «Культура»– для реализации проектов, направленных на популяризацию культурного наследия Казахстана, продвижение народных культурных традиций и искусства; «Информационные технологии»– для реализации и разработки новых IT-решений и проектов; «Бизнес» – для реализации новых бизнес-идей; «Медиа»– для реализации новых медиа-проектов, в том числе проектов по созданию познавательного, полезного, интересного контента для молодежи; «Волонтерство» – для реализации волонтерских проектов, направленных на решение актуальных социальных проблем. Прием конкурсных заявок осуществляется с 21 апреля по 21 июня (включительно до 24:00 часов 21 июня) 2026 года.

Перечень документов, необходимых для участия в конкурсе (на государственном и (или) русском языках): 1) Конкурсная заявка заполняется по ссылке https://forms.gle/8Edm9PwoqQZQyw287. 2) Описание проекта по форме согласно Приложению-2 (PDF формат); 3) Видео (не более 60 секунд) или презентация проекта (не более 10 слайдов); 4) Проект сметы расходов по форме согласно Приложению-3 (PDF формат); 5) Сведения об интеллектуальной собственности (при наличии, PDF формат); 6) Копия удостоверения личности или свидетельства о рождении (PDF формат). Контакты для справок: 8 (7172) 74-12-78, 8 777-114-66-82. E-mail: t.urpaqtary2026@gmail.com (в рабочие дни с 9:00 до 18:30)

***Источник: официальный интернет-ресурс Министерства Культуры и информации РК***

**Өнеге**

## ӘКЕЛЕР – ОТБАСЫНЫҢ ТІРЕГІ

***Бұл бәрімізге түсінікті сөз тіркестері. Бірақ, қалай ойлайсыздар? Біз әкелер өзімізге жүктелген міндеттерді керекті деңгейде атқара алып жүрміз бе? Негізінде бұл өзекті мәселеге айналып бара жатқан сияқты. Әрине бұған тоқырау жылдарындағы жұмыссыздықтың да әсері тиген шығар. Салт-дәстүрімізд, ұлттық болмысымызды да жоғалтып алуға жақын қалдық. Кезінде ер азаматтардың 80-90 пайызы жұмыс істейтін. Яғни, үйдің материалдық жағдайының басым бөлігі солардың үлесінде еді.***

Кейіннен қиыншылық туа бастаған кезде қыз-келіншектер, аналарымыз табандылық танытып, сауда-саттық, әр түрлі жұмыстар істеп бар ауыртпалықты мойындарына алды. Ал өз мамандықтарымен жұмыс таба алмаған еркектер үйде отырып қалды. Сөйтіп біз өз рөлімізді қолдан шығарып алдық. Дегенмен «Батар күннің атар таңы артында ілесе жүреді» - деген. Қазір заман түзелді. Еңбек етуден қашпайтын кісіге кез-келген жерден жұмыс табылады. Білікті, білімді жастарымыз баршылық. Отбасындағы әкелік міндетімізді қолға алатын уақыт жетті. Біз жас кезімізде әкемізді тұлға ретінде көретінбіз. Менің әкем озат шопан болды. «ҚР-ның мал шаруашылығының шебері» - деген жоғарғы атаққа ие болды. Кешке малдан келгенде анамыз – «Әкең шаршап келді. Малды қамас. Аттың ер-тоқымын алып, тұсап жібер. Дем алып, тамағын ішсін» - дейтін. Осы сөзі арқылы бізді де жауапкершілікке тәрбиелейтін. «Әкенің тәлімін, шешенің тәрбиесін көріп, тәжірибесін бойына дұрыстап сіңіре білген ұл да, қыз да жаман болмайды. Сондықтан біз әкелер отбасындағы орынымызды лайықты дәрежеде ұстай білуіміз керек. Әрине «Үйдің ірге тасын азамат бекемдесе, кірпішін әйел қалайды». Дегенмен, күнделікті әкелердің үйдің тірегі екенін айтып, олардың санасына сіңіруге әйелдердің зор көмегі керек. Менің екі ұлым, бір қызым, Құдайдың берген біраз немерелерім бар. Балаларым мені Әке деп, немерелерім Ата дейді. Тілі шыққанан солай үйреткеміз. Біздің үйде ұрыс-керіс деген мүлде жоқ десем болады. Боқтық сөздер айтылмайды. Мен орысша да, қазақша да ондай жаман сөздер айтпаймын. Бізді танитын, араласатын дос-жарандарымыз, туыстарымыздың бәрі біледі. Салт-дәстүріміз туралы балаларымен жиі пікір айтысып тұрамыз. Себебі олардың да өз оқып-тоқығаны бар. Бір мақтанышым балаларымның барлығы ішімдіктің ешбір түрін ішпейді. Ішіп те көрген жоқ. Темекі тартпайды. Бәрі спорт түрлерімен айналысады. Сондықтан мен өзімді үлгілі әке, жақсы жар, немерелерімнің сүйікті атасымын ғой деп ойлаймын. Кезінде облыстық «Мерейлі отбасы» байқауына да қатысқанбыз.

Кезінде, әкесі қызын ұзатып тұрып айтқан екен: Қызым, бізден не алып бара жатырсың? Бізге барған жеріңнен не әкелесің? – деген сұрағына ақылды қызы былай деп жауап беріпті. - «Әке! Сіздерден өнегелі тәрбие алдым, ал мен ол жақтан сіздерге алғыс алып келемін» - депті. Баршамыздың алғыс алып келетін қыздарымыз, әкелік тәрбие көрген ұлдарымыз болсын!..

Сәуір айының соңында бала-шағамызбен зират басына барып, жақындарымыздың жатқан жерін тазалап, ретке келтіріп, құран бағыштап, еске алатын дәстүрлі күн болып жүр. Біреудің артық асы бар, біреудің артық басы бар. Аузы аңқиған қара жер, бәріңді бір күн жасырар – деп, Майлықожа айтпақшы, түбінде бәрміздің баратын жерімізді таза ұстап, абаттандыруға тырысайық. Отбасымызбен бірге атқаратын осы жұмысты ата-ананы құрмет тұтудың бір үлгісі, балаларымызға тәрбиелік мәні бар игі іс-шара ретінде санасына сіңіре бергеніміз дұрыс шығар.

***Рахымғали ӨТЕГЕНОВ***

# Құттықтаймыз! Құттықтаймыз!

Құрметті біздің ардагеріміз, **Болатхан Иманұлы**!
Сізді мерейтойыңызбен құттықтаймыз!
Сексеннің сеңгіріне сәнмен келдіңіз,
Еңбекпенен елге өнеге Сіз бердіңіз.
Ұрпақтарыңыз сыйлайтын ардақты жан,
Төріндесіз бүгінде ақыл-ойдың.
Жігеріңіз жасымай, жүре беріңіз,
Жүз жасқа аман-есен жете беріңіз.
Әріптесіміз, мерейлі жасыңызбен,
Бақытты өмір, шаттық тілейміз біз!



Сіздің салық жүйесіне қосқан үлесіңіз, тәжірибеңіз және көп жылғы еңбегіңіз үшін алғысымызды білдіреміз.

***Құрметпен, Қаратал ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасының ұжымы.***

Қаратал аудандық мәслихатының депутаты, **Төлеубеков Саят Исатайұлын** 23 сәуірдегі туған күнімен құттықтаймыз! Аспаныңыз ашық, жүзіңіз жарқын, шаттық-қуанышыңыз мол болсын! Отбасыңыздан ынтымақ, басыңыздан бақ таймасын! Өмірде бақытты, ұжымда беделді, дос – жолдастарыңызға қадірлі де сыйлы боп тек биіктерден көріне беріңіз. Алға қойған үлкен мақсаттарыңызға сүрінбей жете беруіңізді тілейміз. Әрқашанда жақсылық жаныңыздың серігі болып, қуаныштарыңыз ұзағынан сүйіндірсін. Жүзіңіз нұрға, өміріңіз жырға толып, алға қойған үлкен мақсаттарыңызға сүрінбей жете беруіңізге тілектеспіз!



***Ізгі ниетпен: Аудандық мәслихаттың депутаттық корпусы мен мәслихат аппараты.***

